



Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржы құралдарымен байланысты қызметті жүзеге асыруы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 878 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 тамыздағы № 530 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.08.2020 № 530 қаулысымен.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржы құралдарымен байланысты қызметті жүзеге асыруы ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 20 тамыздағы
N 878 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржы құралдарымен байланысты қызметті жүзеге асыруы ережесі

Осы Ереже "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 ақпандағы Заңына сәйкес әзірленді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының (бұдан әрі - Қор) қаржы құралдарымен байланысты қызметті жүзеге асыруының тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) ақша мен бағалы қағаздарды сенімгерлік басқару туралы шарт – Қор мен сенімгерлік басқарушының арасындағы қатынастарды белгілейтін және Қордың ақшасы мен бағалы қағаздарын сенімгерлік басқарудың талаптары мен тәртібін айқындайтын шарт;

2) инвестициялық декларация – инвестициялау объектілерінің тізбесін, Қордың активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсатын, стратегиясын, шарттары мен шектеулерін, хеджирлеу талаптарын айқындайтын құжат;

3) инвестициялық кіріс – Қор активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған (алуға жататын) ақша;

4) қаржы құралдары – бағалы қағаздар және қаржы нарығының Қазақстан Республикасының аумағында айналымға жіберілген өзге де активтері.

5) сенімгерлік басқарушы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

6) сенімгерлік басқару – сенімгерлік басқарушының, өз атынан өзінің иелігіне, пайдалануға және басқаруға берілген Қор активтерін және олардың есебінен сатып алынған қаржы құралдарын Қордың мүддесінде басқару жөніндегі қызметі (бұдан әрі – Қордың ақшасы мен бағалы қағаздарын сенімгерлікпен басқару).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қор қаржы құралдарымен байланысты инвестициялық қызметті Қордың активтерін сенімгер басқарушы арқылы қаржы құралдарына орналастыру жолымен жүзеге асырады.

3. Қордың ақшасы мен бағалы қағаздарын сенімгерлік басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге және ақша мен бағалы қағаздарды сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Қор активтерін инвестициялау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Сенімгер басқарушы инвестициялық қызметті Экономикалық саясат жөніндегі кеңес мақұлдаған инвестициялық декларацияның, ақшаны және бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқару туралы шарттың негізінде жүзеге асырады және Қордың активтерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес қаржы құралдарына орналастырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Сенімгер басқарушы ақшаны және бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқару жөніндегі операцияларды жасау үшін Қорға банктік шот пен инвестициялық кірістің, сенімгерлікпен басқаруға берілген активтердің есебінен сатып алынған, орналастырылған депозиттер мен бағалы қағаздардың есебі үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде теңгерімнен тыс шоттарды ашады.

6. Есеп жүйесін жүргізудің және оны өзекті ұстап тұрудың шарттары мен тәртібін сенімгер басқарушы белгілейді.

3-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 09.10.2018 № 624 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.